

Келісемін 
Директордың ТІЖ
орынбасары А.А.Толубекова
«29» тамыз 2023 ж
№1 хаттама

Бекітемін 
Мұхтар Әуезов
атындағы №86 мектеп-
гимназия КММ
директоры к.а. Г.О. Оразбекова
«29» тамыз 2023 ж

**2023-2024 оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының
ЖОСПАРЫ**

Педагогикалық кеңесте қаралды
Хаттама №1, 2023 жылғы 29 тамыз

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылуы керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет студі, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді ;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді .

Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ұсыным :

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

I.Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтарға негізделіп ұйымдастырылады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесі құжаттар:

- ✓ «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>
- ✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;>
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518;>
- ✓ 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;>
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>
- ✓ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>
- ✓ «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>
- ✓ «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- ✓ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
<https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;>
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы мызғымас басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі бағыттарды басшылыққа алады: рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жұмысының тақырыбы:

Тұлғаға тәрбие беру негізі- жалпыадамзаттық құндылықтар

Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты:

Оқушы бойында ұлттық құндылықтарды дамыту.

Міндеттері:

1. Оқушыға жайлы, қауіпсіз орта туғызу
2. Бала денсаулығын сақтау және нығайту шаралары
3. Бала шығармашылығын көтеру, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануда үйірмелердің қызметінің тиімділігі;
4. Мектеп - бала - ата-ана үштік ынтымақтастығы, білім алушылардың ата-аналары үшін оң / позитивті/ ата-ана болуды насихаттау және модельдеу
5. Педагогтар тарапынан қолдаушы қатынас орнату
6. Сынып, АҚТ технологияларын қолдану арқылы тәрбие деңгейлерін проблемалық дамыту.
7. Мектептің тәрбие жұмысының диагностикасын жүргізу баланың жеке даму картасы, сауалнамалар, күнделік кз, мектепшілік оқушы әдебінің орындалуы, «Зерде» ұпайының саны
8. Балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруда, өмір қауіпсіздігін сақтау инструктажын тоқсан сайын өткізіп отыру.

Нәтижесі: де: Жан - жақты дамыған, рухани адамгершілік қасиеттері , ел тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым – қатынасқа қабілетті, « Мәңгілік ел» болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам.

Іске асыру тетіктері:

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Тәрбиенің басым бағыттары:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани- танымдық тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі

5. Еңбек, экологиялық және экономикалық тәрбие
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру

III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар

Тәрбие жұмысының циклограммасы

Циклограмманы іске асыру
1. Жалпы мектептік жиындар, мектептегі кезекшілікті ұйымдастыру (мектеп жоспары бойынша апта сайын) 2. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы (айына бір рет, жеке жоспар бойынша) 3. «Мектепке жол», «Қауіпсіз мектеп», «Қамқорлық» республикалық акцияларын жүзеге асыру (айлық кезіндегі өткізілетін іс шара)
1. Сынып сағаттары (әр аптаның жұмасы жоспар бойынша) 2. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымдарының отырысы (жоспар бойынша) 3. Сынып жетекшілерінің отырысы (жоспарға сәйкес тоқсанына бір рет)
1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ», «ТУҒАН ЖЕР», «ЖАС ҰЛАН», «АДАЛ ҰРПАҚ», балалар мен жасөспірімдер бағдарламасын жүзеге асыру (тәлімгердің жоғары сынып оқушылары кеңесі)
Жалпы мектептік мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша). Оқушылардың оқу құралдары мен жеке гигиенасын тексеру (әр айдың соңында)
1. Спорттық-сауықтыру шаралары (жоспар бойынша) 2. Балалар шығармашылығы байқауларына қатысу (түскен хат-хабарламалар бойынша) 3. Мектепшілік бақылау (жоспар бойынша күнделікті)
1. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы (ай сайын) 2. Мектептің психологиялық, әлеуметтік қызметінің жұмысы (рейдтер жүргізу, әңгіме-сұхбат, тренингтер өткізу) 3. Ашық есік күндері (Ата-аналар)

IV. БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА
2023-2024 оқу жылы арналған тәрбие жұмысының жоспары

Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;	нормативтік құжат	Толеубекова А.А. Атантаева С.А. Сынып жетекшілері	Оқу жылы бойы
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы	нормативтік құжат	Толеубекова А.А. Атантаева С.А. Сынып жетекшілері	Оқу жылы бойы
3	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл	анықтама	Толеубекова А.А. Атантаева С.А.	Оқу жылы бойы
4	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы	анықтама	Толеубекова А.А. Атантаева С.А.	Оқу жылы бойы
5	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы	анықтама	Толеубекова А.А. Атантаева С.А.	Оқу жылы бойы
6	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы	анықтама	Толеубекова А.А. Атантаева С.А.	Оқу жылы бойы
7	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы	нормативтік құжат	Толеубекова А.А. Атантаева С.А. Сынып жетекшілері	Оқу жылы бойы
8	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	нормативтік құжат	Толеубекова А.А. Атантаева С.А. Сынып жетекшілері	Оқу жылы бойы
9	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.	анықтама	Толеубекова А.А. Атантаева С.А.	Оқу жылы бойы
Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
1	Педагогикалық кеңесте сынып жетекшілеріне 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмыстары жоспарын таныстыру	пед.кеңесте қарау	Толеубекова А.А. Атантаева С.А.	тамыз

ҚЫРКҮЙЕК- Жауапкершілік айы

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 11 қыркүйек-Тіл-татулық тірегі(апталық)
- 28 қыркүйек-М.Әуезовтың туған күні (іс-шаралар)
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1.	1 қыркүйек-Білім күні «Мектеп-мейірім мекені» Салтанатты жиын және бірыңғай сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім»#Bilim__quni хэштегі	ДТДЖО сынып жетекшілер	Қыркүйек
2.	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы аясында 5 аймаққа бөлінген: «Q TALKS» «Өмір бойы білім алу» «Сүйіспеншілік тілі» «Әкелер мектебі» «Әжелер мектебі»	Іс-шараларлардың жоспары, Суретті анықтама, әлеуметтік желі	Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі	Қыркүйектен бастап жыл бойы
3.	«Отбасы күні» аптылығы. іс-шаралар мен сыныптарда ата- жиалыстары	Сыныптан тыс іс- шараларлардың жоспары, ата- аналар жиналысының хаттамалары	ДТДЖО сынып жетекшілер	Қыркүйек, Токсанына бір рет
4.	Әжелер мектебі: “Шаңырақтың шаттығы”	Жылдық жоспар	Жетекшісі Конурова Г.Д.	Айына бір рет, жыл бойы
5.	«Әкелер мектебі» Әкелер мектебін құру	Жылдық жоспар	ДТДЖО сынып жетекшілер	Жыл бойы
6.	М. Әуезов туған күні қарсағына «Great writer, great works» 7-9 сыныптары арасында READx сайысы	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТДЖО 7-9 сынып жетекшілер,	Қыркүйек

7.	М. Әуезов мерейтойына арналған «Мұхтар – кемеңгер тұлға» іс-шарасы. Сахналық қойылым.	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТЖО сынып жетекшілер, Мавленбердиев Е.Қ	Қыркүйек
8.	М. Әуезов мерейтойына арналған «Әуезов саңлақтары» атты пән бірлесіктері арасында қойылым	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТЖО Бірлестік жетекшілері	Қыркүйек

ҚАЗАН-АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан-Қарттар күні
- 5 қазан-Мұғалімдер күні
- 25 қазан-Республика күні

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1.	«Ұстазға тағзым «Ұлағатты ұстаз-қоғам тірегі» мерекелік шара, сынып сағаттары	Суретті анықтама, сынып сағаттары, әлеуметтік желі	ДТЖО, ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер	Қазан
2.	«Қарттар-біздің асыл қазынамыз» бірыңғай тәрбие сағаттары	Әлеуметтік желіде орналастыру	Сынып жетекшілер	Қазан
3.	Мектеп парламентін сайлау. Талап құндылығын бойына сіңірген және оны дамытуға бейім жастармен жұмыс.	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТЖО, ұйымдастырушы педагог, тәлімгер	Қазан
4.	«Жас ұлан», «Жас қыран» балалармен жасөспірімдер ұйымы.	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТЖО, ұйымдастырушы педагог, тәлімгер	Қазан
5.	«Әнұран айту» челлендж	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	Мектеп-гимназия әкімшілігі	Қазан
6.	«Ұлы дала ұланы» этнолагерінің жұмысы Жүнді сабау	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТЖО, ұйымдастырушы,	Қазан

	Жүнді түту, иіру кезеңдері Киіз басу Сырмақ жасау		сынып жетекшілері	
7.	«Берекелі күз» мерекелік іс-шара	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТІЖО, ұйымдастырушы, сынып жетекшілері	Қазан
8.	«Кең байтақ жерім» мерекелік кеш. Театрландырылған қойылым	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТІЖО, ұйымдастырушы педагог, тәлімгер	Қазан

ҚАРАША-ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша-Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1.	«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында семинар-тренинг	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТІЖО , ұйымдастырушы педагог	Қараша
2.	«Киіз үй жабдықтары» іс-шара	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТІЖО, Тарих пәні бірлестігі	Қараша
3.	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Оян, ар мен адалдық» сынып сағаттары	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТІЖО , сынып жетекшілер	Қараша
4.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Саналы ұрпақ» «Адал ұрпақ» клубтары	Суретті анықтама	ДТІЖО , сынып жетекшілер	Қараша
5.	«Құқығым бар» ұлдар жиыны 8-11 сынып оқушылары	Суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТІЖО , Ф.Т.Шамаева	Қараша
6.	«Тарихтан туған рәміздер» мектеп президентінің ант беру және парламент фракцияларының басшыларын ұлықтау рәсімі	Суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТІЖО , ұйымдастырушы педагог, тәлімгер	Қараша

7.	«8 минуттық оқу жобасы» кітапханаға саяхат Поэзия әлемі бойынша	Суретті анықтама, сценарий, әлеуметтік желі	Кітапханашы Сынып жетекшілері	Қараша
8.	«Қыз қылығымен» қыздар жиыны 8-11 сынып оқушылары	Суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТДЖО , психолог: Дамебаева Б.К. Гинеколог: Мендіханова А.М., ЖТД: Тоқтабаева Д.С.	Қараша
9.	Оқушылардың қауіпсіздігінің алдын алу, өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша мүдделі мекеме мамандарымен кездесу	Суретті анықтама	Мүдделі мекеме мамандары	Қараша
10.	«Төрт тоқсан -төрт өнер» жобасы бойынша жоспар әзірлеу	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТДЖО , сынып жетекшілер	Қараша
11.	1-11 сыныптар арасында шахматтан турнир	Анықтама, хаттама	Толубекова А.А. Атантаева С.А. сынып жетекшілері	Қараша
12.	«Тоғызқұмалақ – дау» үйірме жұмыстарының барысы бойынша зияткерлік ойын	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	Толубекова А.А. Атантаева С.А. Дене шынықтыру мұғалімдері	Қараша
13.	«Денсаулық – сенің байлығың» акциясы аясында әкелер мен мектептің ер мұғалімдері арасында вoleyболдан жолдастық кездесу	Анықтама, хаттама	Толубекова А.А. Атантаева С.А. сынып жетекшілері	Қараша

ЖЕЛТОҚСАН- «ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛ» АЙЫ

- 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 33 жылдығы

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1.	«Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» дәріс, 8-11 сынып оқушылары	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	Толеубекова А.А. Атантаева С.А.	Желтоқсан
2.	«Желтоқсан батырлары» кездесу кеші	Іс-шаралар сценарийі, суретті анықтама	Тарих пәні әдістемелік бірлестігі	Желтоқсан
3.	«Туған жерге , тағзым» ұрандар интерактивті челленджі	Анықтама	ДТДЖО , ұйымдастырушы педагог, Тәлімгер, Өзін өзі басқару ұйымы	Желтоқсан
4.	Тәуелсіз елім-Қазақстан» бірыңғай сынып сағаттары	Әзірлемелері, анықтамалар	Сынып жетекшілер	Желтоқсан
5.	«Психология апталығы» аясында «Мейірімге толы жүрек» іс-шаралар. Тренинг	анықтама	психолог	Желтоқсан
6.	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталықтарының жұмысы аясында мектебімізде «Бірыңғай ашық есік күні» 8 аймақ жұмыс істеді	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТДЖО , ұйымдастырушы педагог, Тәлімгер,	Желтоқсан
7.	«Қош келдің жаңа жыл» жаңа жылдық шырша «LIMPOPO» шоу бағдарлама «DISCO PARTY» шоу. Салтанатты кеш	Іс-шаралар сценарийі, суретті анықтама	ДТДЖО, тәлімгерлер, Сынып жетекшілер Мавленбердиев Е.Қ	Желтоқсан

ҚАҢТАР-«ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ

• Қысқы демалыс

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1.	«Жаңа жыл - 2024»	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	Толеубекова А.А. Атантаева С.А. Дене шынықтыру мұғалімдері	Қаңтар
2.	“ Дәстүр – соғымбасы, қазы айналдыру”	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	Толеубекова А.А. Атантаева С.А. Орыс тілі мен әдебиеті бірлестігі	Қаңтар
3.	«Дәстүр – соғымбасы, түйімшілік» этнолагер жобасы аясында	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	Толеубекова А.А. Атантаева С.А. МИФ пен эстетика бірлестіктері	Қаңтар
4.	«Соғым маусымы» этнолагер жобасы аясында «Көне дәстүр – соғымбасы»	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	Толеубекова А.А. Атантаева С.А. Тарих және жаратылыстану бірлестіктері	Қаңтар
5.	«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде құндылықтарға бағытталған тәрбиені жүзеге асыруда сынып жетекшінің рөлі» тақырыбында педагогикалық кеңес өткізілді	Жоспар, суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТЖО, «Сенімен Болашақ» РҚБ өкілдері. коуч Арапбай Ш.Ж., психолог Ержанова Н. Е.	Қаңтар
6.	Құқық бұзушылықты алдын алу және қыс мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары бойынша профилактикалық түсіндірме жұмыстары	Суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТЖО, майор Д.Қ.Жұмабаев	Қаңтар
7.	«ДосболLIKE» достық, қауіпсіздік құру масатындағы бағдарлама	Суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТЖО , ұйымдастырушы педагог, Тәлімгер, Өзін өзі басқару ұйымы	Қаңтар- Ақпан

8.	«Қар десанты» еріктілер эстафетасы. «Біргеміз» флэшмобы	Суретті анықтама, әлеуметтік желі.	ДТЖО , ұйымдастырушы педагог, Тәлімгер, Өзін өзі басқару ұйымы	Қаңтар- Ақпан
----	--	---------------------------------------	--	------------------

АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1.	«Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу» Құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған мүдделі мекемелермен біріккен жұмысы	суретті анықтама	ДТЖО, Сынып жетекшілер майор Д.Қ.Жұмабаев, майор F.T. Шамаева	Ақпан
2.	«Біз терроризмге қарсымыз» Құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған мүдделі мекемелермен біріккен жұмысы	Әзірлемелері, әлеуметтік желіге орналастыру	ДТЖО, Сынып жетекшілер АӨД мұғалімі Абильтаев Ж.А.	ақпан
3.	«Менің бауырым» жобасы бойынша тренинг.	Әзірлемелері, әлеуметтік желіге орналастыру	ДТЖО, Машаева А. Б. Көлбаева Ж.А.	ақпан
4.	«Қар десанты» челленджі «Әкелер мектебі»	Әзірлемелері, әлеуметтік желіге орналастыру	ДТЖО, Мектептің ер мұғалімдері мен оқушылар әкелері	ақпан

НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚ САЛТ - ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ

- 1 наурыз-Алғыс айту
- 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні
- 21,22,23 наурыз-Наурыз мейрамы

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1.	«Алғыс айту-парызым» мерекелік шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, сценарийі, суретті анықтама	ДТІЖО, ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер.	Наурыз
2.	7 наурыз күні аналарымызға, ұстаздарымызға арналған “Шырақ” музыкалық сазды кеш	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, сценарийі, суретті анықтама	ДТІЖО, ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер.	Наурыз
3.	«Тазарту» жалпыұлттық акциясы	суретті анықтама, әлеуметтік шара	ДТІЖО, мектеп ұжымы	Наурыз
4.	«Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» ашық есік күні 1-аймақ. Q-talks алаңы «Отбасындағы тәрбие бастаулары» 2-аймақ. Training «Отбасылық құндылықтар қобдишасы» 3-аймақ. Word café «Отбасы-адамдағы ең басты құндылық» 4-аймақ. Workshop «Қызға қырық үйден тыю» 5-аймақ. Наурыз бата ақсақалдармен сұхбат «Шежіре күні» 6-аймақ. «Отбасы бақытының негізі-отбасылық құндылықтар» 7-аймақ. Воркшоп «Наурызым берекем» тақырыптарында өтті.	Іс -шараның жоспары, суретті анықтама	ДТІЖО, ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер.	Наурыз

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

- 12 сәуір-Ғылым күні
- Дені саудың-жаны сау

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1.	“Мінез-құлық және қарым-қатынас мәдениеті” онкүндігі аясында “Мәдениет, спорт және мен” тақырыбында спорттық іс-шара	Анықтама Әлеуметтік желі	ДТІЖО, ұйымдастырушы педагог, Тәлімгер, Өзін өзі басқару ұйымы	сәуір
2.	«Шаттық-2024» байқауы	Анықтама Әлеуметтік желі	ДТІЖО, ұйымдастырушы педагог, Тәлімгер	сәуір
3.	“Ата-аналарды педагогикалық қолдау” орталықтарының жұмысы аясында «Бірыңғай ашық есік» күні. 8 аймақ	Іс -шараның жоспары, суретті анықтама	ДТІЖО, ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер.	сәуір
4.	“Таза Қазақстан” республикалық акциясы аясында “Жасыл аймақ” атты сенбілік	Анықтама Әлеуметтік желі	ДТІЖО, мұғалімдер	сәуір

МАМЫР –БЕЙБІТШЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- **1 мамыр-** Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- **7 мамыр-** Отан қорғаушылар күні
- **9 мамыр-** Жеңіс күні
- **31 мамыр-** Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП; АР-ҰЯТ; ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1.	“1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне” арналған “Қазақстан - достық шаңырағы” атты байқау	Сценарий/суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТІЖО ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер	мамыр
2.	Таза Қазақстан” тазалық акциясының шеңберінде мектебімізде “Өнегелі ұрпақ” атты ағаш отырғызу акциясы	Анықтама Әлеуметтік желі	ДТІЖО, мұғалімдер	Мамыр
3.	“Таза Қазақстан”- экологиялық акциясы аясында елімізде “Түлектердің ағаш отырғызу”	Анықтама Әлеуметтік желі	ДТІЖО, 11-сынып жетекшілері	Мамыр
4.	“Мамыр - ынтымақ айы” айлығы аясында “Отан қорғаушылар” күніне арналған “Біз батыр елдің ұрпағымыз” атты челлендж	Сценарий/суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТІЖО ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер	мамыр
5.	“Таза Қазақстан” республикалық экологиялық акциясы аясында «Мөлдір бұлақ» атты сенбілік	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТІЖО ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер	мамыр
6.	СПОРТ	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТІЖО дене шынықтыру мұғалімдері	мамыр
7.	«Мектебім,саған мың алғыс!»-атты 11 сынып оқушыларының қоштасу кеші	Анықтама Әлеуметтік желі	ДТІЖО, 11-сынып жетекшілері	Мамыр
8.	«Саржайлау» киіз үйлі лагерінің маусымдық ашылу салтанаты. «Бала Абай» марафоны	Суретті анықтама, әлеуметтік желі	ДТІЖО ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер	мамыр

Мектепшілік деңгейде дәстүрлі айлықтар мен онкүндіктер жүргізіледі

- **Қыркүйек** – Қазақстан халықтары тілдерінің декадасы. ЖЖЕ апталығы.
- **Қазан** – Денсаулық фестивалі.
- **Қараша** - «Нашасыз әлем!» СӨС үгіттеу онкүндігі.
- **Желтоқсан** – Азаматтық - патриоттық тәрбие айлығы.
- **Қаңтар** – Қоғамдық және шығармашылық белсенділік айлығы. ЖЖЕ апталығы.
- **Ақпан** - Құқықтық тәрбие және құқықбұзушылықтың алдын-алу онкүндігі.
- **Наурыз** - Наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің, өз Наурыз!» онкүндігі.
- **Сәуір** - «Біз таза қаланы қолдаймыз!» экологиялық тәрбие айлығы.
- **Мамыр** – «Көктемнің мейірімді күндері» әскери-патриоттық тәрбие айлығы.
- **Маусым- тамыз** - Балаларды қорғау күні. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру

Дәстүрлі өткізілетін іс - шаралар

- Білім күні.
- Қазақстан халқының тілдер мерекесі.
- Ұстаздар күні. Оқушылардың өзін – өзі басқару күні.
- Елімізге танымал адамдармен кездесу.
- Қарттар күні.
- Тәуелсіздік күні.
- Аналар мерекесі.
- Наурыз мерекесі.
- Отбасылар сайысы.
- Денсаулық күні.
- Жеңіс күні. ҰОС ардагерлерімен кездесу.
- «Стан қорғаушылар» ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою.
- «Ақсұңқар» әскери ойын.
- «Жас сұңқар» ойыны.
- Саппен жүру және ән айту.
- «Қыз сыны» байқауы.
- «Жігіт сұлтаны» байқауы.
- «Достықта жоқ шекара» байқауы.
- Күз мерекесі. Күзгі бал.
- Жаңа жылдық мереке.
- «Қамқорлық» акциясы.
- Соңғы қоңырау.
- Зияткерлік ойындар және мәнерлеп оқу сайысы.
- 9, 11 сыныптар үшін түлектер кеші.

Атаулы мерекелік күндер

- 1 қыркүйек - Білім күні
- 5 қыркүйек - Қазақстан халқының тілдер мерекесі
- 1 қазан – Қарттар күні
- 6 қазан – Мұғалімдер күні
- 15 қараша – Ұлттық валюта күні
- 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні
- 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күні
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні
- 22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамы
- 1 сәуір – Халықаралық құстар күні
- 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
- 7 сәуір – Құстарды қорғау күні
- 12 сәуір – Ғарышкерлер күні
- 23 сәуір – Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық күні
- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр – Жеңіс күні
- 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
- 25 мамыр – Соңғы қоңырау